

«АЛҒА МИЛЛИОНҒА» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

1. Акция Мақсаттары

«АЛҒА МИЛЛИОНҒА» жарнамалық акциясы (бұдан әрі «**Акция**») КОТЕХ® тауар белгісіне және «Kotex Ultra» қолайсыз күндерге арналған төсемдер» өніміне қызығушылықты қалыптастыру және қолдау мақсатында белгілі бір тұлғалар тобы арасында өткізіледі.

2. Тапсырыс беруші / Акция ұйымдастырушысы туралы мәліметтер

2.1. Акция Ұымдастырушысы: 050060, Алматы қ., ҚР, Төлебаев көш., № 38/61 мекенжайы бойынша орналасқан, «Кимберли-Кларк Қазақстан» ЖШС тапсырысы бойынша әрекет ететін «Orepeyes DDB» ЖШС (бұдан әрі – «**Ұйымдастырушы**»).

2.2. Акция Тапсырыс берушісі: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Назарбаев даңғ., 240В үй мекенжайы бойынша орналасқан «Кимберли-Кларк Қазақстан» ЖШС (бұдан әрі – «**Тапсырыс беруші**»).

3. Акция аумағы және өткізу орны

3.1. Акция Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) аумағында өткізіледі;

3.2. Акцияны өткізу орны - интернетте www.mykotex.kz промо-сайтында (бұдан әрі – «**Сайт**»).

3.3. Акция нәтижесінде жеңімпаз анықталады (бұдан әрі – «**Жеңімпаз**»), ол бас жүлдені – барлық салықтарды шегергеннен кейін бір миллион теңге (бұдан әрі – «**Жүлде**») алады.

4. Акцияны өткізу мерзімі

4.1. Акцияны өткізудің жалпы мерзімі: 2019 ж. 4 наурыздан бастап 2019 ж. 16 мамырға дейін (бұдан әрі – «**Акция Кезеңі**»).

4.2. Акцияға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңі: 2019 жылғы 4 наурыздан бастап 2019 жылғы 30 сәуірге дейін Астана қ. уақыты бойынша 23 сағат 59 минутқа дейін.

4.3. Акция Жеңімпазын анықтаудың жалпы мерзімі:

- Жүлде алатын Жеңімпазды анықтау күні: 2019 жылғы 6 мамыр.
- Жеңімпаз туралы ақпаратты mykotex.kz сайтында жариялау күні - 8 мамыр 2019
- Жеңімпазға Жүлдені беру мерзімі: 2019 жылғы 16 мамырға дейін.

5. Акция қатысушылары:

5.1. Акцияға ҚР аумағында тұрақты түрде тұрып жатқан, әйел жыныстағы, жастары 16 (он алты) жас және одан үлкен, Қазақстан Республикасының әрекет етуге қабілетті азаматтар және ҚР тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматтары (бұдан әрі – «**Акция Қатысушылары**») қатыса алады

5.2. Осы Ережелердің 5.1-т., 5.3.-т. белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалардың Акцияға қатысу фактісі анықталған жағдайда, Акция Тапсырыс берушісінің оларға Акцияға қатысудан және (немесе) Жүлдені беруден бас тартуға құқығы бар;

5.3. Акцияға қатысуға жіберілмейді:

- Тапсырыс берушінің және Ұйымдастырушының жұмыскерлері;
- Ұйымдастырушымен және Тапсырыс берушімен үлестес болып танылған тұлғалар;
- Ұйымдастырушымен / Тапсырыс берушімен орнатылған азаматтық-құқықтық және өзге қатынастары бар үшінші тұлғалардың жұмыскерлері мен өкілдері және Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге байланысты тұлғалар;
- жоғары аталған тұлғалардың жақын туыстары;
- азаматтығы жоқ тұлғалар және ҚР тұруға ықтиярхаты жоқ өзге мемлекеттердің азаматтары.

6. Жүлде қоры

6.1. Акция Жүлде қоры Тапсырыс берушінің ақша қаражаты есебінен қалыптасады және келесі Жұлделер мен Бас жүлдеден тұрады:

Атауы	Сипаттамасы	Саны
Жүлде бір миллион теңге	бір миллион теңге нөл тиын	1

7. Акцияға қатысу шарттары

7.1. Акцияға қатысу үшін осы Ережелердің 4.2-тармағында көрсетілген Акцияға қатысуға өтінімдер қабылдау Кезеңінде:

7.1.1. www.mykotex.kz Сайтына кіру керек;

7.1.2. «Тіркеу» батырмасын басып келесі қадамдарды өту керек:

- тіркеулу өтетін әлеуметтік желіні таңдау,
- егер бұл Instagram әлеуметтік желісі болса, онда өрісте Instagram-дағы жеке профилін көрсету.
- Өз телефон нөмірін қалдыру;

7.1.3. Осы Акция Ережелерімен келісу.

7.1.4. Өз оқиғасын жазу, оны таңдау бойынша Kotex фирмалық белгісімен және Kotex стикерімен қоса сайттың арнайы бөлімінде өз фотосуретін қосу;

7.1.5. Фотосуретке қойылатын талаптар: жалпы қабылданған мораль және адамгершілік нормаларына сәйкес болу. Kotex фирмалық белгісін және стикерін қосу үшін орынның бар болуы.

7.1.6. Оқиғаға қойылатын талаптар: оқиға Қатысушы қазіргі уақытта ұмтылатын жеке мақсатты және Қатысушы осы сәтте жеткен жеке ілгерілеу дәрежесін сипаттауға тиіс. Оқиғада ақшалай көмек туралы өтініштер болмауы тиіс.

7.1.7. Kotex фирмалық белгісі және тандалған Kotex стикері бар фотосуретті және оқиғаны тіркеу өткен әлеуметтік желіде орналастыру керек.

7.1.8. Егер тіркелу Instagram әлеуметтік желісіндегі профильді көрсетумен өтсе, фотосуретті және оқиғаны өз профилінде #ямогусе хэштэгімен орналастыру керек.

7.1.9. Әлеуметтік желідегі жеке парақшада «Доступ к странице для всех» («Парақшаға барлығы кіре алады») рұқсатын қою керек.

7.1.10. МАҢЫЗДЫ: Instagram әлеуметтік желісінде #ямогусе хэштегі болмаған жағдайда немесе әлеуметтік желілердегі Қатысушының парақшасы Акция өткізу кезеңінде жарияланатын материалдарды қарап шығудан жабық болса, Қатысушы науқанға Акцияға жіберілмейтін болады.

7.1.11. МАҢЫЗДЫ: Түрлендірілген фотосурет пен оқиға жазылған мәтін ұтыс ойынын өткізу кезеңі аяқталғанша орналастырылуы тиіс.

7.2. Ұйымдастырушы Сайттағы Тіркеу нысандары тиісті түрде толтырылмаған (толық емес немесе дұрыс емес ақпарат енгізілген) Қатысушыларды Акцияға қатыстырудан бас тартуға құқылы.

7.3. Ұйымдастырушы оқиғалары жалпы қабылданған мораль және адамгершілік нормаларына және осы ережелердің 7.1.6-тармағына сәйкес келмейтін Қатысушыларды Акцияға қатыстырудан бас тартуға құқылы.

7.4. Ұйымдастырушы осы ережелердің 4.2.-тармағында көрсетілген кезеңнен бұрын/кешірек Акцияға қатысуға Өтінім берген Қатысушыларды Акцияға қатыстырудан бас тартуға құқылы.

7.5. Акцияны өткізу барысында Акцияға Қатысушылар алатын жүлделерге салық төлеуді Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен өз күшімен жүзеге асырады.

8. Бір миллион теңге жүлдені алатын Жеңімпазды анықтау.

- 8.1. Ұйымдастырушы Instagram әлеуметтік желісінде хэштег бойынша фотосуреттер мен оқиғаларды орналастырған және/немесе басқа әлеуметтік желілерде фотосуреттері мен оқиғасымен бөліскен және 7-бөлімде көрсетілген жиынтық іс-қимылдарды орындаған барлық адамдарды қадағалап отырады.
- 8.2. 7-бөлімде көрсетілген Акция шарттарын орындаған барлық қатысушылар арасында бір миллион теңге ұтыс ойыны өткізіледі.
- 8.3. Бір миллион теңге жүлденің Жеңімпазын анықтау келесі блогерлерден тұратын комиссияның қатысуымен жүргізіледі:

Сыздықова Карина

Исаева Айна

Сайлаубекова Асселина

Матжанова Мөлдір

Азиза Айбадуллина

Сонымен қатар, Ұйымдастырушыдан кем дегенде бір өкіл және Акция Тапсырыс берушісінен кем дегенде бір өкіл (бұдан әрі – «Комиссия»). Жоғарыда аталған блогерлердің әрқайсысы өзіне ең ұнаған оқиғаны таңдап алады, және комиссия қатысуымен таңдалған оқиғалар авторларының арасында кездейсоқ таңдау әдісімен анықталатын қатысушы Бас Жеңімпаз болады.

- 8.4. Жеңімпаз анықталғаннан кейін Жеңімпазбен Ұйымдастырушының өкілдері байланысқа шығатын болады. Егер Ұйымдастырушының өкілдері қандай да бір себептермен (телефон байланыс аясынан тыс болса немесе жеңімпаз қоңырауға жауап бермесе) Жеңімпаз анықталған сәттен бастап 2 (екі) күн ішінде Жеңімпазға қоңырау шалып хабарласа алмаса, сондай-ақ осы Ережелерде айтылған өзге де жағдайларда, Жеңімпаз Жүлдені алу құқығынан айырылады, ал Жүлде Ережелердің осы бөлімінде көзделген тәртіппен қайта ойнатылатын болады. Жаңа Жеңімпазбен байланыс болмаған жағдайда, Жүлде Ереженің осы бөлімінде көзделген тәртіппен анықталатын келесі Жеңімпазға ауысады.
- 8.5. Жеңімпаздың аты Сайтта «Жеңімпаздар» бөлімінде 2019 жылдың 8 мамырынан кешікпей жариялануға жатады.
- 8.6. Осы Ережелердің 8.4.-тармағында көрсетілген жағдайда Жеңімпаздың аты Сайтта «Жеңімпаздар» бөлімінде, жаңа Жеңімпазбен байланыс орнатылған және оған Ұтыс ойынының нәтижесі туралы хабарлаған сәттен бастап екі күннен кешікпей жариялануға жатады.

9. Жүлделерді алудың жалпы тәртібі - бір миллион теңге және смартфон

9.1. Осы Ережелердің 6.1-тармағында көрсетілген Жүлдені, атап айтқанда бір миллион теңгені алу үшін Жеңімпаз ұтыс туралы хабарлаған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Ұйымдастырушыға электрондық пошта арқылы мынадай ақпаратты ұсыну қажет:

- Жеңімпаздың Тегі, Аты, Әкесінің аты;
 - Жеңімпаздың жеке куәлігінің екі жақтан түсірілген көшірмесі, ЖСН міндетті түрде көрсетілуі тиіс;
 - Жеңімпаздың электрондық мекенжайы;
 - Жеңімпаздың нақты тұратын мекенжайы;
 - Жеңімпаздың банк деректемелері;
- Құжаттардың көшірмелері анық, әріптері мен цифрлары оқылатын болуы тиіс.

9.4. Бір миллион теңге Жүлделерді жеткізу Тапсырыс беруші қаражаты есебінен Ұйымдастырушының күшімен жүзеге асырылады және Жеңімпаз 9.1.-тармақта көрсетілген ақпаратты берген сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жүргізілетін болады.

10. Акцияны өткізу туралы хабарлау тәртібі

10.1. Акция туралы хабарлау Сайтта тиісті ақпаратты орналастыру жолымен жүргізіледі.

10.2. Ұйымдастырушы өткізілетін Акция туралы қосымша хабарлау құралдарын пайдалануға құқылы.

11. Дербес деректер

11.1 Акцияға қатыса отырып, Қатысушы дәл және өзекті (сенімді) деректерді көрсетуге міндеттенеді, сондай-ақ өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ете отырып, Тапсырыс беруші «Кимберли-Кларк Қазақстан» ЖШС-не және Ұйымдастырушы «Openeyes DDB» ЖШС өзінің жеке деректерін келесі шарттармен өңдеуге келісім береді: Сізге кез келген тәсілмен (e-mail тарату, тегін sms, телефон байланысы арқылы және т.б.) «Кимберли-Кларк Қазақстан» ЖШС тарататын "Huggies", "Kotex", "Kleenex", "Depend" тауар белгілері бар тауарлар туралы хабарлау, жарнамалық және жаңалық және өзге жіберілімдерді, ұсыныстарды жөнелту, үлгілерді, жүлделерді, тауарларды жіберу мақсатында, сондай-ақ жоғары айтылған тауарлар тұтынушыларының дерекқорын қалыптастыру мақсатында, mykotex.kz сайтында тіркелу барысында берілген Сіздің дербес деректеріңізді жинау және өңдеу. Барлық іс-қимылдар Қазақстан Республикасының заңнамасы, атап айтқанда 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңы, және осы Ережелер шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

11.2 Осы келісім шектелмеген мерзімге берілген. Осы келісім бұл туралы «Кимберли-Кларк Қазақстан» ЖШС-не Компания осы келісімді қайтарып алу туралы тиісті мәлімдемені алған күннен бастап есептелетін, қайтарып алу күшіне енгенге дейін кем дегенде отыз күн бұрын алдын ала мәлімдеумен қайтарып алыну мүмкін.

11.3 Акцияға қатыса отырып, Қатысушы өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ете отырып, Ұйымдастырушыға және Тапсырыс берушіге Қатысушы www.mykotex.kz сайтында орналастырған ақпаратты шектелмеген тұлғалар тобы үшін Қазақстанның бүкіл аумағында кез келген маркетингтік белсенділіктерде пайдалануға келісім береді. Оқиғаларды тек Ұйымдастырушы мен Тапсырыс беруші ғана осы Акцияны өткізуге байланысты пайдаланатын болады, және осы Акцияға байланысты емес мақсаттар үшін ешқандай үшінші тұлғаларға берілмейтін болады.

12. Өзге шаттар

12.1. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы Акцияны өткізу барлық ережелерімен және оған қатысу шарттарымен танысқанын және өзінің келісімін растайды, оның ішінде оны Акция Жеңімпазы немесе Бас Жеңімпазы деп таныған жағдайда осы факті туралы ақпаратты, оның тегін, атын, әкесінің атын және тұратын қаласын Ұйымдастырушының mykotex.kz сайтында жариялайтынына өз келісімін растайды.

12.2. Ұйымдастырушы да, Тапсырыс беруші де:

- Қатысушылардың Акцияға қатысуға және Жүлделерді алуға байланысты міндеттерді орындамауы (уақытылы орындамауы) үшін;
- Қатысушылардың Акцияны өткізу ережелерімен және қатысу шарттарымен таныспауы, сондай-ақ олардың Акцияны өткізу нәтижелерімен таныспауы үшін;
- Акцияны өткізу кезінде пайдаланылатын Интернет желісіндегі және/немесе байланыс арналарындағы техникалық мәселелер және/немесе алаяқтық нәтижесінде Қатысушылардан хаттарды, қоңырауларды, факсимильдік және/немесе электрондық хабарламаларды, оның ішінде почта қызметінің, байланыс ұйымдарының кінәсінен қабылдамау үшін;

- Қатысушылардан Жүлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмау (уақытылы алмау) үшін;
 - Қатысушылардан Акцияны өткізу және Жүлделерді беру мақсатында қажетті толық емес және/немесе дұрыс емес байланыс және/немесе өзге де мәліметтерді алу үшін жауапты болмайды.
- 12.3. Ұйымдастырушы мен Тапсырыс беруші Акцияны өткізу шарттарын өздігінен өзгертуге құқылы. Мұндай өзгерістер Сайтта жариялануға тиіс
- 12.4. Акция Ұйымдастырушысының Акцияны өткізуге байланысты барлық сұрақтар бойынша шешімдері үзілді-кесілді болып саналатын болады. Акцияны немесе оның кезеңдерін уақытылы өткізуіне күмән туғызуы мүмкін жағдайлар туындаған кезде, Ұйымдастырушы, оның қызметкерлері немесе Акцияны өткізу үшін тартылған үшінші тұлғалар, сондай-ақ Акция Қатысушылары Акцияны өткізу шарттарын бұзған кезде, Тапсырыс берушінің іскерлік беделіне, Kotex® сауда белгісінің және/немесе Kotex® сауда белгісімен шығарылатын өнімнің имиджіне зиян келтіруі мүмкін өзге де жағдайлар туындаған кезде, Ұйымдастырушы Тапсырыс берушіні бұл туралы дереу хабардар етуге міндеттенеді.
- 12.5. Қатысушы өзі көрсеткен әлеуметтік желілердегі аккаунттарды жеке өзі тіркегеніне, және ол пайдаланушы келісімін жасаған тиісті әлеуметтік желінің тіркелген пайдаланушысы болып табылатынына кепілдік береді. Үшінші тұлғалар тарапынан мұндай аккаунттың Қатысушыға тиесілігіне, оны пайдалану заңдылығына және т.б. қатысты қандай да бір даулар туындаған жағдайда, Ұйымдастырушы мұндай Қатысушыны Жүлденің ұтыс ойынынан, сондай-ақ егер мұндай Қатысушы Жеңімпаз болып танылса, Жүлдені беруден шығару құқығын өзіне қалдырады. Қатысушы Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге Ережелердің осы тармағында көзделген міндеттемелер мен кепілдіктерді бұзу нәтижесінде туындаған барлық шығындарды, шығыстарды өтеуге міндетті.
- 12.6. Қатысушы осы Ережелердің 7.1.5.-тармағында көрсетілген оқиғаның жалғыз авторы болып табылатынына, немесе оқиғаға пайдалануға айрықша құқықтарға ие болатынына; оқиғаны бере отырып, оның кез келген басқа үшінші тұлғалардың зияткерлік құқықтарын бұзбайтынына; бұл фотосуретке құқықтардың қандай да бір ауыртпалықтары немесе шектеулері жоқ болатынына, ешкімге берілмегеніне, иеліктен шығарылмағанына, берілмегеніне, кепілге қойылмағанына, оқиғаларға құқықтарға қатысты үшінші тұлғалардың ешқандай даулары, талап-арыздары немесе өзге де кінәрат-талаптары жоқ болғанына, және олардың үшінші тұлғалардың кез келген құқықтарынан бос болғанына кепілдік береді. Қатысушы мұндай құқықтарды бұзғаны үшін, соның ішінде кез келген адамдардың оқиғаларын заңсыз пайдаланғаны үшін дербес және толық заңды жауапкершілік көтереді. Ұйымдастырушы Қатысушылардың оқиғаларын шектеулі мерзімсіз және сыйақысыз кез келген маркетингтік белсенділіктерде пайдалану құқығын өзіне қалдырады.